

Түркістан облысының білім басқармасының Созақ ауданының білім бөлімінің Н.Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейі коммуналдық мемлекеттік мекемесі



*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған
ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ*

*Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасарлары: Т.Қайдакешов
А.Шарапов*

МАЗМҰНЫ:

I Бөлім.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған кешенді нұсқаулығы, негізі: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жыл 19 қыркүйек, № 294 бұйрығының 2-қосымшасы

II Бөлім.

Өткен 2022-2023 оқу жылының тәрбие жұмысының нәтижелі қорытындысы жайлы қысқаша мәлімет, ағымдағы жай – күйді талдау;

III.Бөлім

2023-2024 оқу жылында сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер:

IV. Бөлім

2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жоспары.

V. Бөлім

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының, тәрбие үрдісін мектепшілік бақылау жұмыстары және лауазымдық міндеттері

КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НҮСҚАУЛЫҒЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, хал қына адал қызмет етуді, мемлекет тәуел сіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қор шаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

- баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

Ұсынылады:

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;
- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас)

Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;

- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б.шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;
- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертифицирталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім

беру) басшысының (меңгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);
- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

Ескерту: Біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда ұсынылған мақсат, міндеттер мен мазмұнын сақтай отырып, өңірдегі жергілікті ерекшеліктерді ескеру маңызды.

Жоспарды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар:

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі;
Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;
Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;
Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі;
Қазақстан Республикасының Жоғары білім және ғылым министрлігі;
Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі;
Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;
Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;
Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі;
Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі;
Қазақстан халқы Ассамблеясы
Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері.

II Бөлім.

Нәзір Төрехұлов атындағы IT мектеп-лицейінің 2022-2023 оқу жылында тәрбие беру бағыттары бойынша атқарылған жұмысының қорытынды нәтижесі, ағымдағы жай-күйді талдау

2022-2023 оқу жылында 1-11 сыныптар арасында 70 сынып комплектісі және мектеп алды даярлық тобы бойынша 6 топ, 1-4 сыныптар саны 31 сынып, 5-11 сыныптар 39 сынып жұмыс жасады. 2022-2023 оқу жылында 2019-2024 жылдарға арналған 2019 жылдың 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыру барысында тәрбие саласы бойынша мына төмендегідей жұмыстар атқарылды.

Тамыз айында «Мектепке жол» ақясы аясында міндетті оқу қорынан және демеушілер есебінен, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балаларына мектеп жабдықтары мен мектеп формасын алып беру жұмыстарын әлеуметтік педагог Н.Базарбаева өз дәрежесінде жүргізді.

30 тамыз ҚР-ның Конституциясына 27 жыл толуына орай тарих пәні бірлестігінің ұйымдастыруымен мерекелік апталық іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында денсаулықты сақтау мақсатында барлық сақтық шаралары сақтала отырып мектеп ұжымына жиын өткізіліп, жиын барысында тарих пәні мұғалімі А.Батхиева баяндама жасады және тарих пәні мұғалімдері жиынға қатысушылардан сауалнама алу жұмыстарын жүргізді, соңынан мерекелік сазды бағдарлама ұйымдастырылды.

2022 жылы 1 қыркүйек Білім күні, 2022 жыл «Балалар жылы» және Қазақстан Конституциясы күні мерекесі аясында «Балалар-мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі!» атты алғашқы қоңырауға арналған салтанатты жиыны өткізілді. 1-қыркүйек Білім күніне арналған «Білімге ұмтылу, еңбек сүйгіштік және отаншылдық» тақырыбындағы алғашқы сабақтар барлық сыныптар бойынша өткізіліп ақпарат желісіне жарияланды. 2020 жылы қыркүйек айның алғашқы аптасы «Отбасы күні мерекесі» отбасы күнін мерекелеу мақсатында «Менің отбасым» тақырыбында жалпы сыныптар бойынша сынып сағаттары онлайн форматта өткізілді.

2022 жылы 5 қыркүйек Тілдер күні мерекесіне орай қазақ тілі пәні бірлестігімен бірлесіп «Мемлекеттік тіл-барлық халықты біріктіретін тіл» атты апталық іс-шараны ұйымдастырлы іс-шара аясында «Ұлттық тіл-мәдениеттің» тақырыбында көрме және «Туған тілім-тірлігімнің айғағы» тақырыбында мәнерлеп өлең оқу жұмыстары онлайн форматта жүргізіліп, ақпарат желісіне жариялау жұмыстары жүргізілді. 1 қазан қарттар күніне орай «Қарты бар үй, қазана» тақырыбы аясында іс-шара ұйымдастырылып, сыныптар бойынша арнайы бейнероликтер түсіріліп ақпарат желісіне жарияланды. Сонымен қатар мектеп әкімшілігі тарапынан 6 қарт аналарымызға құрмет көрсетіліп, алғыс хатпен құттықтау жұмыстары жүргізіліп ақпарат желісіне жарияланды.

Қазан айының алғашқы аптасы ұстаздар күні мерекесіне орай «Ұстазыма мың алғыс!» тақырыбында апталық іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шара барысында үздік еңбектері үшін мектеп әкімшілігі тарапынан құттықтау хаттарымен марапаттау жұмыстары жүргізілді. Мектептің 10 сынып оқушылары мектеп ұстаздарына құрмет көрсетіп мерекелік сазды бағдарлама ұйымдастырып ақпарат желісіне жариялады.

2022 жылы қазан айында 9-11 сынып оқушылары арасында «Мамандығым мақтанышым» тақырыбында И.Садикова арнайы мамандық иелерін шақырып мамандық таңдау кешін өз дәрежесінде өткізіп ақпарат желісіне жариялады.

2022 жылдың 24-28 қазан аралығында жаңа форматта «Мектеп пен ата-аналар ынтымақтастығы, бала тәрбиесінің кепілі » атты мектеп-лицейінің жалпы ата-аналармен бірлескен апталық іс-шара ұымдастырылды. Іс-шара барысында спорттық сайыстар, «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында отбасылық сайыс, дөңгелек үстелдер және құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында оқушылармен кездесулер өткізілді.Барлық өткізілген іс-шара қорытындысы бойынша жалпы ата-аналар жиналысы өткізіліп белсенділік танытқан ата-аналарға құрмет көрсетіліп,алғыс хаттар мен марапатталды. Өткізілген іс-шаралар ақпарат желісіне жарияланды.

Оқушылардың күзгі демалысында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында күзгі демалыстың іс-шарасы аясында «Кітап –білім кемесі» тақырыбында 2-4 сынып оқушылары арасында танымдық білім сайысы,«Өмірге шуақ төккен өлеңменен» тақырыбында М.Мақатаевтың өлеңдерін оқудан 9-10 сынып оқушылары арасында поэзия сағаттары, сыныптар бойынша спорттық жарыстар ұйымдастырылып өткізілді.

Қараша айында «Зорлық-зомбылықсыз он күн» тақырыбы аясында іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында түрлі спорттық жарыстар, рейдтік шаралар, ПБ-нің қызметкерлерінің қатысуымен жиналыстар өткізілді.

1 желтоқсан Дүниежүзілік АИТВ/ЖИТС-ке қарсы күрес күніне орай іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында мектеп медбикесі П.Қалманова арнайы хабарлама жасап,сынып жетекшілер оқушыларға таныстырылым сағаттарын жүргізді, сонымен қатар оқушылар арасында суреті байқауы және флешмоб өткізілді ақпарат желісіне жарияланды.

2022 жылдың 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесі аясында «Тәуелсіздік тұғырым » тақырыбында апталық іс-шара өткізілді.

Апталық барысында ашық тәрбие сабақтар, патриоттық ән байқауы, спорттық жарыстар және сурет байқалары өткізіліп ақпарат желісіне жарияланды.Сонымен қатар оқушыларға ауданымыздан 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына қатысушылар туралы арнайы бейнероликтер арқылы танымдық сағаттары өткізілді.

Жаңа жылдық іс-шаралар өткізу барысында арнайы іс-шара жоспары жасалып, оқушылардың жаңа жылдық мерекелік кештері ұйымдастырылып өткізілді.

Оқушылардың қысқы демалысында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қысқы демалыстың іс-шарасы аясында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мәнерлеп кітіп оқудан бастауыш сыныптар арасында байқау өткізілді және барлық сыныптарға ауданымыздағы С.Қожанов атындағы мұражайға бару жұмыстары ұйымдастырылды. Сынып оқушылары арасында спорттық жарыстар өткізілді.

2023 жылы қаңтар айында мектеп оқушыларын салауатты өмір салтын қалыптасытыруға баулу және елімізде болып індеттің алдын алу мақсатында «Жеке бас гигиенасын сақтау» тақырыбында мектеп медбикесі П.Қалманованың арнайы хабарлама жасап сынып жетекшілер арқылы таныстырылым сағаттары жүргізілді.

2023 жылы ақпан айында Ұлы жеңістің 78 жылдығы және Ауғанстаннан Кеңес әскерлерінің шығарылғанына 34 жыл толуына орай метептің АӘД пәнінің мұғалімі С.Шарафутдинов «Ерлікке тағзым» тақырыбы аясында ауданның соғыс ардагерлері және ауған соғыс ардагерлерінің қатысуымен 10 сыныптар арасында әскери спорттық жарыс өткізді.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері шеңберінде 2023 жылдың 13-24 ақпан аралығында «Ұрпақ тәрбиесі- ұлт болашағы» атты онкүндік өткізілді. Онкүндік

аясында Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің барлық бағыттары бойынша іс-шаралар ұйымдастырылып, әр өткен іс-шара ақпарат желісіне жарияланды.

2023 жылы 1-наурыз Алғыс айту мерекесіне орай іс-шара өткізілді. Іс-шара барысында аудандағы барлық мекемелердегі қызметкерлердік еңбектеріне мектеп әкімшілігі тарапынан алғыс хаттар жіберіліп, оқушылар тарапынан құттықтаулар айтылды және ақпарат желісіне жарияланды.

2023 жылы 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай «Аналар-ару жандар» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шара аясында сынып сағаттары, сурет байқауы және оқушылар арасында аналар туралы өлеңдерді мәнерлеп оқуда байқау және қыздар арасында спорттық жарыстар өткізілді. Іс-шара аясында 10 сыныптың оқушыларының ұйымдастыруымен мектептегі ұстаз апайларға және кіші қызметкер апайларға мерекелік құттықтаулар мен мерекелік сазды бағдарлам ұйымдастырылып өткізілді.

2023 жылы 22 наурыз Ұлыстың Ұлы күні наурыз мерекесіне орай «Наурыз-бірлік,ынтымақ» атты мерекелік апталық іс-шара өткізілді. Іс-шара аясында сынып жетекшілер Наурыз мерекесіне орай салт дәстүрге байланысты ашық тәрбие сағаттарын, дәстүрге байланысты сахналық қойылымдар, ұлттық спорттық жарыстар өткізілді.

Оқушылардың көктемгі демалысында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында және оқушылардың табиғат аясына шығуға болмайтыны туралы мектеп инспекторымен бірлесе отырып сынып жетекшілер арқылы ата-аналарға хабарлама хат жіберіліп, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Көктемгі демалыстың іс-шарасы аясында барлық сыныптарға ауданымыздың тарихы мен тарихи ескерткіштері туралы кеңінен түсіндіріп насихаттау мақсатында танымдық сағаттары өткізілді.

2023жылы «1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні» мерекесін атап өту мақсатында арнай іс-шара жасалып өз дәрежесінде өткізілді.

2023 жылы мамыр айында Ұлы Жеңістің 78 жылдығы және 7 мамыр Отан қорғаушылар күніне орай іс-шаралар ұйымдастырылып өткізілді.

2023жылы 1 маусым күні 2022-2023 оқу жылының аяқталуына байланысты «Жас ұрпақ-жарқын болашағымыздың кепілі!» атты соңғы қоңырауға арналған салтанатты мектеп жиыныны өткізілді.

2023 жылы 22 маусым күні мектеп бітірушілердің жалпы орта білім беру туралы аттестатын тапсыруға арналған салтанатты мектеп жиыны өткізілді.

2022-2023 оқу жылында жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын шаралары бойынша айына 1 рет жиналыс өткізілді және оқушылардың демалыс кезеңдерінде АПБ-нің қызметкерлерінің қатысуымен хабарлама жасалып сынып жетекшілер арқылы ата-аналарға хабарла хаттар жіберу жұмыстары жүргізілді.

2023 жылы 1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне орай 1-12 маусым аралығында «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн» атты іс-шара аясында бастауыш сыныптардың арасында мерекелік кеш өткізілді.

2023 жылы 4 маусым Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздер күніне орай мерекелік іс-шара өткізілді.

Жазғы мектеп жанындағы сауықтандыру бастауыш сыныптар арасында ұйымдастырылып өз дәрежесінде жұмыстар жүргізді. Қала сыртындағы лагерлерге 41 бала жіберілді.

2022-2023 оқу жылында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыру барысында жүйелі жұмыстар жүргізілді.

2023-2024 оқу жылында жас ұрпақтың бойына еліміздің салт-дәстүрімен рухани құндылықтарын бойына сіңіріп, ел болашағын ойлайтын білімді,білікті азаматпен, азаматша болып өсуге тәрбиелеуді басты міндетіміз деп түсінуіміз керек.

III Бөлім.

2023-2024 оқу жылында сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер:

Суфизм поэзиясының негізін қалаушы, барлық Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама 1223-1277 жылдары билік құрған, Египетте мамлюк мемлекетінің негізін қалаған Дешті Қыпшақ даласының әйгілі ұлы Ұлы жүздің биі XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілдерінің бірі. Қазақ жырауы, мемлекет қайраткері Қазақтың батыры, көрнекті ақыны	Қожа Ахмет Яссауидің туғанына	930 жыл
Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор	Сұлтан Бейбарыстың туғанына	800 жыл
Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Қазақ халқының ұлы күйші- композиторы, дүниежүзілік мәдениеттің аса биік тұлғасы	Төле бидің туғанына Бұқар жыраудың туғанына	360 жыл 330 жыл
Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Қазақстанның халық жазушысы, көрнекті ақын, қоғам қайраткері Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Қазақстанның Халық Қаһарманы, Халықаралық Фадеев атындағы сыйлықтың лауреаты, партизан-жазушы, Ұлы Отан соғы-сының ержүрек батыры Қазақ жазушысы, редакторы. Ұлы Отан соғысының қатысушысы Қазақтың әйгілі актері, режиссер, КСРО-ның халық артисі	Махамбет Өтемісұлының туғанына Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына Құрманғазы Сағырбайұлының туғанына	220 жыл 165 жыл 165 жыл 200 жыл
Алаш қозғалысының қайраткері, дәрігер, ұстаз әрі ғалым	Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына Мағжан Жұмабаевтың туғанына Мұзафар Әлімбаевтың туғанына	135 жыл 130 жыл 100 жыл
Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Ақын және қоғам қайраткері Пайдалы қазбалар құпиясын ашқан әйгілі геолог	Сәкен Сейфуллиннің туғанына Қасым Қайсеновтің туғанына Кемел Тоқаевтың туғанына Шәкен Аймановтың туғанын	130 жыл 105 жыл 100 жыл 110 жыл
Қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график-суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушы Қазақ мемлекеттік баспасында поэзия редакциясын басшысы, «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторының орынбасары, «Жазушы» баспасында поэзия редакциясының меңгерушісі,	Халел Досмухамедовтың туғанын Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына Илияс Жансүгіровтің туғанына Қаныш Сәтбаевтың туғанына Әбілхан Қастеевтің туғанына Ғафу Қайырбековтің туғанына	140 жыл 80 жыл 130 125 жыл (12.04.1899) 120 жыл (14.01.1904) 95 жыл

жазушы

Мәдениеттанушы ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері,
филология ғылымдарының кандидаты, Мұхтар Әуезов
Қорының Президенті
Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-
жазушысы, ақылойшысы, демократ ақыны
Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек
сіңірген мұғалімі

Мұрат Әуезовтің туғанына 80 жыл

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 130 жыл

Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл

ІҮ.Бөлім

2023-2024 оқу жылындағы тәрбие жоспары.

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар

№	Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, ТАЛАП, АР-ҰЯТ				
1	1 қыркүйек – білім күні Салтанаты жиын <i>«Мектеп – мейірім мекені»</i> 1-11 сыныптарға сынып сағаттары	Білімге ұмтылу, еңбек сүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хэштегі әлеуметтік желіге жариялау, жүргізілу реті	Т. Қайдакешов А.Шарапов Ж.Бекпенбетов С.Дәуренбекова Сынып жетекші	1 қыркүйек 2023 жыл
2	А.Байтұрсынұлының туған күніне орай және Қазақстан халқтарының тілдері мерекесіне орай апталық іс-шара <i>(«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)</i> Апталық іс-шара	Апталық жоспар Ақпарат желісіне жариялау	В.Әлімбаева Қазақ тілі мен әдебиет пәні бірлестігі Сынып жетекші	04-08.09. 2023ж
3	«Еңбектің наны тәтті» («Еңбегі адал жас өрен»жобасы) Танымдық сағаттары	Ақпарат желісіне жариялау	И.Садикова 9-10-11 сыныптың жетекшілері	
4	«Жолда жүру ережелерін білесіңбе?» <i>(реализация проекта «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)</i> 1-4 және 5-11 сыныптарға түсіндіру, жиналыс	Хаттама Ақпарат желісіне жариялау	Т.Қайдакешов А.Шарапов Мектеп инспекторы (келісім бойынша)	
5	Қыркүйек айының екінші жексенбісі Отбасы күні, «Отбасы-бақыт мекені» 1-4,5-9 сыныптарға сынып	Сынып сағатының жүргізілу реті	Т.Қайдакешов А.Шарапов С.Дәуренбекова Сынып жетекшілер	

	сағаттары			
6	Сергіту сәті ЧЕЛЛЕНДЖІ 08.09.2024 жыл Уақыты:12.00 («Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы) қамтылған сыныптар 1-4,5-11	Сергіту сәті ЧЕЛЛЕНДЖІ Ақпарат желісіне жариялау	А.Шарапов Ә.Атажанов Дене тәрбиесі пәнінің бірлестігі	
7	«Мені қызықтырады.» Оқушылардың өмірге деген қызығушылығын анықтау Психологиялық трениктер қамтылған сыныптар 1-4,5-11	Психолог мамандардың жоспары, хаттамасы	Г.Аманбекова М.Қонақбаева Сынып жетекшілер	11-15.09. 2023ж
8	Жасөспірімдер арасында «Әскери спорттық сайыс» өткізу 8-10 сыныптар сайыс	Сайыс ережесі, ақпарат желісіне жариялау	С.Шарафутдинов Сынып жетекшілер	
9	«Отбасылық дәстүрлер» (« <i>Ғаламтор қауіпсіздігі</i> » жобасы) Сыныптар бойынша ата-аналарға жиналыс	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары, ата-аналар жиналысының хаттамасы	Сынып жетекшілер	18-22.09. 2023 ж
10	«Адал азамат-әділетті Қазақстан» (<i>Еңбегі адал жас өрен</i>) жобасы) 5-9 сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	
